


ТУБЕРКУЛЕЗ

ҚАНДАЙ АУРУ?



- Туберкулез - микобактериялармен шақырылған созылмалы жұқпалы ауру. Туберкулездің қоздырғышы – микобактерияны (“Кох таяқшасын”) неміс микробиологы Р.Кох (1843 – 1910) ашты (1882).



ТУБЕРКУЛЕЗ НЕЛІКТЕН КАУІПТІ АУРУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ?

Жылсайын 8,8 миллион адам

туберкулезбен аурады

- Ем қабылдамайтын әрбір наукас 10 адамнан 15 адамға дейін ауруын жұқтырады
- Туберкулезге шалдыққандардың 75%

20 - 40 жастағы адамдарды кұрайды

- Жылсайын 2 миллион адам қайтыс болады
- Туберкулезді дуниежүзінде әр секундта 1 адам жұқтырады
- Жұқтырғандардың тек 5 -10%-ында ғана ауру дамуы мүмкін .




ТУБЕРКУЛЕЗ БАКТЕРИЯЛАРЫ ҰЗАҚ САКТАЛАДЫ:

- - қалыпты жағдайда күннің көзінің болмауы - бірнеше ай;
- жарық таралған болса - 1-1,5 ай;
- көше шаңында - 10 күн;
- кітап беттерінде - 3 ай;
- суда - 5 ай;
- сүт тағамдарында - 8 ай.

ТУБЕРКУЛЕЗ БАКТЕРИЯЛАРЫ ӨЛЕТІН ЖАҒДАЙ:


- - күн сәулесіне шалдығу - 1,5 сағат;
- ультракүлгін сәулесінің әсері - 2-3 мин.;
- сүтті қайнатқанда;
- күнсайын бөлмені желдеткенде;
- ылғалды шүберекпен бөлмені сүрткенде.



ЖҰҒУ ЖОЛДАРЫ

- Жұқпалы аурудың тарайтын негізгі көзі *науқас адамнан түскен микробтары бар қақырық* сау адамға ол негізінен туберкулезбен ауырған адам түкірген қақырықтың ұсақ сұйық тамшылары арқылы не кепкен түйіршіктерін **ауамен** бірге жұтқанда; Сирек жағдайда туберкулезбен ауырған үй жануарларының сүтін шикілей ішкенде, Етін шала пісіріп жегенде жұғады. Санитарлық -гигиеналық жағдайлар дұрыс сақталмағанда, Сондай -ақ аурумен ұзақ уақыт бойы араласқанда ауырады.

жұқтыру



KazMedic.kz

Ауру адам

Сау адам

Ауру адам

Сау адам

KazMedic.kz



ТУБЕРКУЛЕЗДІ ЖҰҚТЫРУ ҚАЛАЙ ЖҮРЕДІ

Туберкулез қоздырғыштары ауру адам сөйлегенде, жөтелгенде, оқығанда, түшкіргенде бактерия шығару арқылы ауаға тарайды. Ауаның жұтқан адамдарға бактерия жоғарғы тыныс алу жолдарына, өкпелеріне түседі. Осылайша туберкулезді жұқтыру жүреді.



ТУБЕРКУЛЕЗДІҢ ДАМУ БАРЫСЫНДА ТӨМЕНДЕГІДЕЙ БЕЛГІЛЕРПАЙДА БОЛУЫ МҮМКІН:

- - екі аптадан артық уақытқа созылған жөтел,
- әлсіздік,
- дене қызуының көтерілуі,
- тершендік,
- тәбеттің нашарлауы,
- жүдеу,
- шаршағыштық,
- кеуде тұсының ауыруы.
- қан аралас қақырықтың түсуі,



АУРУДЫҢ ДАМУЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР:

- - Жүргізілетін фактор-иммунитеттің әлсізденуі. Жеткіліксіз тамақтану;
- Қосымша ауыр түрдегі ауру (АҚТҚ, қант диабеті, ойық жара ауруы және т.б.);
- Қатты тоңазу;
- Зиянды әдеттер;
- Созылмалы күйзелу жағдайлар.



ТУБЕРКУЛЕЗДІҢ АЛДЫН АЛУ

□ Спецификалық:

- вакцинация және БЦЖ ревакцинациясы

Спецификалық емес:

- салауатты өмір салты
- тиімді тамақтану
- дене шынықтыру белсенділігі
- зиянды әдеттерден бас тарту



МАНТУ СЫНАМАСЫ

- ❑ Манту белгісін қою үшін туберкулин препараты қолданылады. Белгіні білектің ішкі жағының ортаңғы бөлігіне тері ішіне, арнайы туберкулин шприці мен инесі арқылы жүргіземіз. Белгі дұрыс қойылса, егілген жерде лимонның қабығы тәрізді төмпешік (папула) пайда болады. Манту белгісінің нәтижесі 48-72 сағаттан кейін оқылады. Ол үшін, мөлдір пластмасса сызғышпен егілген жердегі пайда болған ісік (папула) немесе қызарудың диаметрін өлшеу керек.




МАНТУ БЕЛГІСІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ:

Егілген жерде тек иненің орны немесе папула өте кішкентай – диаметрі 1 мм екені анықталса, бұл теріс нәтиже болып саналады.

- Папуланың диаметрі – 2-4 мм болса немесе папула жоқ, тек қана қызару анықталса, бұл күмәнді нәтиже.
- Папуланың диаметрі – 5 мм және одан жоғары болса оң нәтиже.
- Папуланың диаметрі 17 мм – ден де жоғары болса гиперергиялық реакция болып табылады.

□ Туберкулез белгілері болмай, бірақ манту белгісі өмірінде бірінші рет оң нәтиже берген жағдайды вираж деп атайды. Бұл балалар диспансерлік есепке алынып 3 ай бойы тубазид немесе изониазидпен химиопрофилактика жүргізіледі. 1 жылдан соң қайта манту белгісі қойылады. Нәтижесі теріс болған жағдайда диспансерлік бақылаудан алынады. Оң болған жағдайда баланы толық тексеріп, диагноз қойылып емделінеді.



БЦЖ ВАКЦИНАСЫ



- БЦЖ вакцинасы –бұл өт қосылған ортада өсірілетін туберкулез құртының ірі қара малда кездесетін әлсіз, бірақ, тірі түрінен дайындалған микроб дәрі. Бұл дәріні адамның денесіне инемен сол жақ иықтың жоғары жағына, терінің ішіне 0,1 мл көлемде жібереді.
- БЦЖ дәрісі егілгеннен кейін сол адамның денесінде туберкулезге деген сезімталдылықпен бірге, туберкулез микобактериясына қарса тұра алатын зат –антиденелер түзіле бастайды. Себебі егілген жерден денеге туберкулез бактериясы өсіп өне бастайды. Мұндай адам денесінде өзгеріс 6-8 жұмадан кейін аяқталады.

ТУБЕРКУЛЕЗДІ ХИМИЯЛЫҚ АЛДЫН АЛУ

Химиялық алдына алу қауіп — қатер тобының жандарына сонымен қатар, жұқтырған балалар мен жасөспірімдерге міндетті түрде медициналық қызметкердің бақылауымен тағайындалады.

Туберкулинді тоғысудың виражында (нормергия, гиперергия) химиялық алдына алу курсының уақыты **3 айлық** мерзімде. Бұрын туберкулез микробактериясын жұқтырған, гиперергиялық тоғысу анықталған жандарға химиялық алдына алу **2ай** жүргізіледі.



АУРУДЫҢ БЕЛГІЛЕРІН БАЙҚАҒАН ЖАҒДАЙДА НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

1. Тексерілу үшін тұғылықты және оқу орны бойынша медицина мекемесіне бару.
2. Бұл қалалық емханалар.
3. Уақытында анықталған туберкулез - ойдағыдай айығып кетудің кепілдігі.

**ТУБЕРКУЛЕЗДІ ЕМДЕУГЕ БОЛАДЫ,
ТУБЕРКУЛЕЗ ТЕГІН ЕМДЕЛЕНЕДІ !!!**



A close-up photograph of a doctor's hands, wearing a white lab coat, holding several blister packs of pills. The doctor's stethoscope is visible around their neck. The hands are positioned to display the various pills, which include red and white capsules, white round tablets, and yellow capsules. The background is a soft-focus white lab coat.

Назарларыңызға рахмет!